

Тайынша Маңы

Тайынша аудандық қоғамдық-саяси газеті
2006 жылдың 3 ақпанынан шыға бастады

№ 13 (865) 18 наурыз 2022 жыл

facebook.com/tainsha.tany



http://tainshatany.kz



tainsha_tan@list.ru

КЕҢ БОЛСЫН ҚАЗАҒЫМНЫҢ КЕРЕГЕСІ, КЕТПЕСІН АЛЛА БЕРГЕН БЕРЕКЕСІ, АЛАШТЫҢ БАЛАСЫНА НӘСІП БОЛҒАН, ҚҰТТЫ БОЛСЫН, НАУРЫЗ МЕРЕКЕСІ!

ҚҰРМЕТТІ СОЛТУСТІКҚАЗАҚСТАНДЫҚТАР! ҚҰРМЕТТІ ЖЕРЛЕСТЕР!

Сіздерді Наурыз мейрамымен шын жүректен құттықтаймын! Бұл жарқын мереке ежелден табиғаттың жаңаруын бейнелейді, адамдардың рухани тазаруына ықпал етеді, қоғамдағы бейбітшілік пен келісімді нығайтады.

Ежелгі заманнан бері Наурыз адамдардың бейбіт өмірге, жақсылық пен келісімге деген құштарлығын оятты. Бұл күндері адамдар бір-бірінің барлық реніштерін кешіреді, ал табиғаттағы және біздің жанымыздағы үйлесімділік мейірімділік пен көршілерге деген сүйіспеншілікті тудырады. Көктемгі мерекенің бұл терең және шынайы мағынасы бүгінгі күні ерекше өзекті. Біздің көпұлтты мемлекетіміз сенімді алға жылжуы, нығаюы және күш алуы үшін бізге ауа ретінде бірлік пен өзара түсіністік қажет.

Наурыз біздің көпұлтты Қазақстанымыз үшін мереке болып табылады. Достық, бауырластық, теңдік жағдайында біздің халқымыз өмір сүреді. Тұрақтылықтың, өзара түсіністіктің және еңбексүйгіштіктің арқасында біз үлкен жетістіктерге жеттік.

Биылғы Наурыз ел Президентінің 16 наурыздағы кезекті Жолдауына байланысты біздің алдымызға жаңа мүмкіндіктер ашады. Мемлекет басшысының жаңа бағдарламасын іске асыру біз үшін саяси және әлеуметтік-экономикалық реформалардың, мемлекетіміздің тәуелсіздігін одан әрі нығайтудың уақыты болады.

Құрметті достар! Жаңарудың қасиетті күні Сіздерге және жақындарыңызға денсаулық, табыс, амандық, өркендеу мен бейбітшілік тілеймін. Бүкілхалықтық Наурыз мейрамы біздің жерімізде тұрып, еңбек етіп жүргендердің бәрін біріктірудің берік бастауы болсын.

Наурыз сіздерге сергектік пен денсаулық, амандық пен көктемгі тамаша көңіл-күй сыйласын!

Құмар АҚСАҚАЛОВ,
Солтүстік Қазақстан облысының әкімі.

НАУРЫЗ мейрамы Құтты болсын!

С праздником весны!

ҚЫМБАТТЫ ЖЕРЛЕСТЕР!

Сіздерді Ұлыстың Ұлы күні – Наурыз мерекесімен шын жүректен құттықтаймын. Елімізді өркендетуге, халқымыздың әл-ауқатын жақсартуға бағытталған ауқымды шараларды жүзеге асырудағы қажырлы қызметтеріңіз әрдайым табысты болып, ойға алған барлық арман, жоспарларыңыз орындалсын.

Тұрмыс-тіршілігін табиғат-анамен тығыз байланыстырған халқымыз үшін Наурыз жаңару мен жасампаздықтың бастауы. Халқымыз ежелден Ұлыстың Ұлы күніне балаған, жыл басы санаған Наурыз – бірлік пен береке мейрамы. Дастарханға ақ толатын, елімізге бақ қонатын бүгінгі арайлы шаққа халқымыз жыл бойы дайындық жасап, тамақтың дәмдісін, киімнің сәндісін сақтаған.

Ардақты ардагерлер! Ұлыстың Ұлы күні сіздердің дендеріңізге саулық, отбастарыңызға амандық тілеймін. Наурыз мерекесі құтты болсын!

Нина ПОПОВА,
аудандық ардагерлер кеңесінің төрайымы.

ҚҰРМЕТТІ ТАЙЫНШАЛЫҚТАР!

Наурыз – жыл басы, Ұлыстың ұлы күні. Күн мен түннің, ыстық пен суықтың, қыс пен жаздың, қараңғы мен жарықтың теңелетін, жер арқасы кеңіп, күллі тіршілік әлемі қайта түлейтін Табиғат мерекесі. **Наурыз** - адамдардың қыс қыспағынан, жұт апатынан аман қалып, малы төлдеп, аузы аққа жаритын шаруа мерекесі. **Наурыз** - әрбір шаңыраққа шыраққа шырақ жағылып, «Қызыр түнін» күтіп, жақсылық құт-береке тілеп, ертеңгі күнге зор үмітпен қарайтын сенім мерекесі. Наурыз – жеті дәмнен **Наурыз** көже жасап, адамдардың бір-біріне дәм татқызып, дастарқан басында бірге отыратын Ынтымақ-бірлік мерекесі. **Наурыз** – жыл бойы өткен-кеткен ренішті кедергісіз кешіріп, ән-күймен, ойын-сауықпен жанды жадыратып, сананы серпілтетін Көңіл мерекесі.

Сіздерді көктем, табиғаттың жаңаруы, үйлесімділік пен достық мерекесі – Наурыз мейрамымен шын жүректен құттықтаймын!

Наурыз мейрамы ұлты мен дініне қарамастан, Қазақстанда тұратын барлық этностар үшін біріктіруші мерекеге айналды. Оның адамдар арасындағы достық пен сенімді нығайтудағы, ұлттық дәстүрлерді сақтаудағы мәні ерекше.

Наурыз мейрамы – бірлік пен жаңа өмірдің бастауы. Ол өзара көмек пен жақындардың қолдауын, достық пен мейірімділікті бейнелейді. Бүгінгі таңда бұл өте маңызды.

Еліміздің бай рухани мұрасының жарқын символына айналған Наурыз мейрамы әрбір үйге денсаулық, отбасылық амандық, қуаныш пен бақыт, өркендеу мен молшылық әкелсін! Наурыз құтты болсын! Елімізде бейбіт өмір болсын! Ұлыстың Ұлы күні- Наурыз мейрамы еліміздің жаңа бастамаларына сәттілік әкелсін! Ұлысымыз оң, ақ мол болсын!

Мереке ХАМЗИН,
«АМАНАТ» партиясы аудандық филиалының атқарушы хатшысы.

• Мемлекеттік қызмет

Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің 2021 жылғы мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі қызметі туралы есеп

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Заңына сәйкес мемлекеттік көрсетілетін қызмет – көрсетілетін қызметті алушылардың өтініші бойынша жеке тәртіппен жүзеге асырылатын және олардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін іске асыруға, оларға тиісті материалдық немесе материалдық емес игіліктер беруге бағытталған жекелеген мемлекеттік функцияларды іске асыру нысандарының бірі. Мемлекеттік органдарды басқару қызметінің және жергілікті өзін-өзі басқарудың тиімділігіне әсер ететін елеулі фактор олармен мемлекеттік қызмет көрсетудің сапасы мен шапшаңдығы болып табылады. Мемлекеттік қызмет көрсетуді ұсынудың жүйесі негізінен тұтынушының мүддесіне бағытталуы керек. Көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің сапасын көтеру бойынша мемлекеттік қызметшілердің алдына маңызды міндет қойылған.

Қазақстан Республикасы цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 31 қаңтардағы № 39/НҚ бұйрығымен, сондай-ақ 2021 жылғы 25 қарашадағы № 407/НҚ өзгерістерімен бекітілген мемлекеттік көрсетілетін қызметтер Тізіліміне сәйкес Тайынша ауданының жергілікті атқарушы органдары мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің 63 түрін көрсетеді. Мемлекеттік орган арқылы 1 мемлекеттік қызметті алуға болады. Мемлекеттік орган, Мемлекеттік корпорация, «электрондық үкімет» порталы арқылы алуға болатын баламалы қызметтер – 38. Тек мемлекеттік корпорация арқылы – 2 қызмет, тек «Электрондық үкімет» порталы арқылы – 22.

Тайынша ауданында 9 жергілікті атқарушы орган, 18 ауылдық округ әкімдерінің аппараттары және Тайынша қаласы әкімінің аппараты мемлекеттік қызметтер көрсетеді.

2021 жылдың 12 айында Тайынша ауданының жергілікті атқарушы органдарымен 9 335 мемлекеттік қызмет көрсетілді, оның ішінде:

- қағаз нысанда – 148 мемлекеттік қызмет;
- қағаз нысанда, бірақ «Электрондық үкімет» веб-порталы және (немесе) Мемкорпорация арқылы көрсету мүмкіндігі бар – 63 (0,6%) мемлекеттік қызмет.

Көрсетілетін қызметті берушінің ақпараттық жүйелері арқылы электрондық түрде көрсетілген («электрондық үкімет» веб-порталын қоспағанда) www.egov.kz, www.elicense.kz) – 2 212 (23,6%).

Мемкорпорация арқылы көрсетілген қызметтер саны – 1 635 (17,5%).

«Электрондық үкімет» порталы арқылы – 5 425 (58,1%) мемлекеттік қызмет көрсетілді. Аса сұранысқа ие мемлекеттік қызметтер әлеуметтік қорғау және әлеуметтік бағдарламалар, құрылыс, ауыл шаруашылығы, жер қатынастары аумақтарында. Ауданның жергілікті атқарушы органдарымен жоспарлы жұмыс жүргізілуде: кеңестер, жеке және заңды тұлғаларға мемкорпорация, «Электрондық үкімет» порталы арқылы сапалы мемлекеттік қызмет көрсетуді түсіндіру бойынша семинарлар өткізіледі. Есепті кезеңде мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша 272 іс-шара өткізілді (семинарлар, құқықтық жалпы оқулар, интернет-конференциялар, тікелей эфирлер және т.б.). Халыққа мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша қол жетімділікті және ақпараттылықты қамтамасыз ету мақсатында барлық мемлекеттік мекемелерде көрнекі ақпаратпен стендтер (заңға тәуелді нормативтік құқықтық акті, өтініштердің үлгісі, мемлекеттік қызмет көрсетуге жауапты тұлғаның аты-жөні) орналастырылған. Мемлекеттік қызметтер көрсететін мемлекеттік органдардың ресми интернет-ресурстарында «мемлекеттік қызметтер» бөлімі бар, бөлімде мемлекеттік органның көрсететін мемлекеттік қызметтерінің тізбесі, заңға тәуелді нормативтік құқықтық акті, мемлекеттік қызметтердің тізбесі орналастырылған.

Азаматтарды мемлекеттік қызметтерді алу кезінде электрондық үкімет порталын белсенді пайдалануға тарту мақсатында Тайынша ауданында тұрғындар өз бетінше электрондық қызметтерді ала алатын ауданның мемлекеттік органдарында, колледждерінде, кітапханаларында, мектептерінде, балабақшаларында 86 өзіне-өзі қызмет көрсету секторы жұмыс істейді.

Аудан әкімдігі ғимаратында «Ашық әкімдік» фронт-офисінің жұмыс істеуі қамтамасыз етілді, білім беру, ауыл шаруашылығы, азаматтық сосотояна актілерін тіркеу құрылымдық бөлімшесінің, жер қатынастары, құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімдерінің мамандарының мемлекеттік қызмет көрсетуге жау-

апты өзіне-өзі қызмет көрсету аймағы кеңес береді және мемлекеттік қызмет көрсетеді.

Келлер ауылдық округінде «Ауылдағы Ашық әкімдік» бірінші фронт-офисі жұмыс істейді, онда ресепшн, азаматтарды қабылдау кабинеті, өзіне-өзі қызмет жүргізу аймағы орналасқан. Онда Келлер ауылдық округі әкімі аппаратының мамандары, азаматтарды қабылдау секторы, ауылдық округтің ветеринарлық дәрігері орналастырылды.

2021 жылы өзіне-өзі қызмет көрсету секторы арқылы 7 393 мемлекеттік қызмет көрсетілді.

Ауданның жергілікті атқарушы органдары мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша ақпараттық-түсіндіру кітапшаларын әзірлеу бойынша жұмыс жүргізуде, ағымдағы кезеңде қызмет алушылар арасында тарату бойынша жұмыс жүргізілді, 8 500-ке жуық брошюралар таратылды.

Тайынша ауданы әкімінің аппаратымен 2021 жылға арналған бақылау іс-шараларының бекітілген жоспарына және мемлекеттік қызметтердің сапасын бақылау Ережесіне сәйкес тексеру шараларымен 13 объект қамтылды, жүргізілген бақылау іс-шаралары барысында мемлекеттік қызмет көрсету саласында 16 бұзушылық анықталды. Сөгіс түрінде 2 маман, ескерту түрінде 1 маман тәртіптік жауапкершілікке тартылды. Бақылау іс-шараларының қорытындысы бойынша Департамент мамандарын шақыра отырып, бақылаудан кейінгі іс-шаралар (семинар) өткізілді, онда «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Заңды, мемлекеттік көрсетілетін қызметтер қағидаларын бұзу фактілерінің алдын алу бойынша профилактикалық жұмыс жүргізілді.

Мемлекеттік қызметтер көрсетуді оңтайландырудың және автоматтандырудың нәтижесі мемлекеттік қызметті баламалы негізде көрсету болып табылады, мемлекеттік органмен қатар Мемкорпорация, «Электрондық үкімет» порталы арқылы көрсету. Халыққа көрсететін мемлекеттік қызметтің сапасын арттыру мәселесі осы кезеңде мемлекеттік органдардың қызметінде басымды болып табылады. Осы міндетті іске асыру үшін мемлекеттік қызметтер көрсету аумағында біліктілікті арттыруға бағытталған оқу семинарлары өткізіледі, оған бөлім мамандары уақытылы қатысады. 2021 жылы 6 тыңдаушы «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің нәтижелілігі мен сапасын басқару» тақырыбына оқытылды.

Қызмет алушылардан мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шағымдар түскен жоқ.

Ауданның жергілікті атқарушы органдарымен «Электрондық үкімет» порталы арқылы электронды түрде көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің үлесін ұлғайту бойынша шаралар қабылданды, атап айтқанда:

- аудандық әкімдіктің отырыстары, семинар-кеңестер, дөңгелек үстелдер, ашық есік күндері, «Digital agent» ақпараттық брошюраларын тарату, қызмет алушылардың құқықтары, электрондық қызметтер туралы;
- «Тайыншинские вести», «Тайынша таңы» аудандық газеттерінде 14 мақала жарияланды;
- Тайынша ауданы әкімінің сайтында 58 жарияланым орналастырылды;
- Фейсбуктің «Тайынша ауданы SQO» ресми парақшасында 26 жарияланым орналастырылды;
- мемлекеттік қызметтердің 3 онлайн-жәрмеңкесі өткізілді, оның барысында әртүрлі салалар бойынша 140 сұрақ түсті;
- электрондық мемлекеттік қызметтерді көпшілікке танымал ететін 6 бейнеролик әзірленді.

Тайынша ауданында мемлекеттік қызметтердің сапалы және мерзімінде көрсетуіне бақылау жүргізіледі. Ауданның жергілікті атқарушы органдарының көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің сапасына ішкі бақылау жөніндегі есебі Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің аппаратына және Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Агенттігінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша Департаментіне тоқсан сайын ұсынылады.

Жоғарыда аталған іс-шараларды өткізу мемлекеттік қызметтер көрсету сапасы саласында бірыңғай мемлекеттік саясатты жүргізуге мүмкіндік береді.

Ауданның жергілікті атқарушы органдарының мемлекеттік қызметтерді уақытылы және сапалы көрсету жөніндегі қызметі ерекше бақылауға алынған және жалғастырылатын болады.

2022 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ТЕХНИКАСЫНЫҢ ТЕХНИКАЛЫҚ БАЙҚАУЫ

«Жыл сайынғы мемлекеттік техникалық байқау қағидаларын және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, монтаждалған арнайы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелерін, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоративтік және жол-құрылыс машиналары мен механизмдерін, жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің 2015 жылғы 30 наурыздағы №4-3/269 бұйрығы негізінде. Жыл сайынғы мемлекеттік техникалық байқауға көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүзеге асыратын машиналар жатады және «Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің ауыл шаруашылығы бөлімі» КММ белгілеген кестеге сәйкес (келісім бойынша) машиналардың орналасқан жері бойынша жүргізіледі. **Ауыл шаруашылығы техникасын жыл сайынғы мемлекеттік техникалық байқаудан өткізу үшін www.elicense.kz сайты арқылы электрондық форматта белгіленген мерзімге дейін 2 (екі) күннен кешіктірмей өтініш беру қажет.**

Қосымша ақпарат алу үшін «Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің ауыл шаруашылығы бөлімі» КММ-не 8(715)36 22-8-66, 21-4-70 телефоны бойынша немесе бөлімнің сайтында хабарласа аласыз <http://oshv-tsh.sko.gov.kz>

Өткізілу күні	Ауылдық округтің атауы	
24.03.2022	Абай	ЖШС, ШҚ.ФШ, жеке тұлғалар
25.03.2022	Амандық	ЖШС, ШҚ.ФШ, жеке тұлғалар
28.03.2022	Алабота	ЖШС, ШҚ.ФШ, жеке тұлғалар
29.03.2022	Чкалов	ЖШС, ШҚ.ФШ, жеке тұлғалар
30.03.2022	Донецк	ЖШС, ШҚ.ФШ, жеке тұлғалар
30.03.2022	Мионов	ЖШС, ШҚ.ФШ, жеке тұлғалар
31.03.2022	Тихоокеан	ЖШС, ШҚ.ФШ, жеке тұлғалар
01.04.2022	Зеленогай	ЖШС, ШҚ.ФШ, жеке тұлғалар
04.04.2022	Киров	ЖШС, ШҚ.ФШ, жеке тұлғалар
05.04.2022	Яснополян	ЖШС, ШҚ.ФШ, жеке тұлғалар
06.04.2022	Краснополян	ЖШС, ШҚ.ФШ, жеке тұлғалар
07.04.2022	Рощинское	ЖШС, ШҚ.ФШ, жеке тұлғалар
08.04.2022	Келлер	ЖШС, ШҚ.ФШ, жеке тұлғалар
11.04.2022	Летовочное	ЖШС, ШҚ.ФШ, жеке тұлғалар
12.04.2022	Драгомуровка	ЖШС, ШҚ.ФШ, жеке тұлғалар
13.04.2022	Большеизюм	ЖШС, ШҚ.ФШ, жеке тұлғалар
14.04.2022	Теңдік	ЖШС, ШҚ.ФШ, жеке тұлғалар
15.04.2022	Чермошнян	ЖШС, ШҚ.ФШ, жеке тұлғалар

ЖАҢА ӘДЕП КОДЕКСІ – ЖАҢАША ҚАДАМ

Қазақпарат – Жуықта Президент Жарлығымен мемлекеттік қызметшілердің Әдеп кодексі жаңа редакцияда қабылданған болатын. Жаңа құжаттың осыған дейін қолданыста болған нұсқасынан қандай артықшылығы бар екенін ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің төрағасы Дархан Жазықбаевтан сұраған едік.

- Қызылордада мемлекеттік қызметте 200 көпбалалы ана еңбек етіп жүр Президент жанындағы мемлекеттік басқару академиясына құжат қабылдау басталды - Дархан Медеғалиұлы, жақында Президент Жарлығымен мемлекеттік қызметшілердің Әдеп кодексі жаңа редакцияда қабылданды. Әдеп кодексіне өзгеріс енгізуге не себеп болды?

- Өздеріңізге мәлім, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ағымдағы жылдың қаңтар айында Парламент Мәжілісінің отырысында және кейіннен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі жиында сөйлеген сөзінде мемлекеттік аппараттың жұмысына жаңаша көзқарас қажет екенін және мемлекеттік қызмет жүйесі іс жүзінде сервистік сипат алып, клиентке бағдарлануы үшін түбегейлі өзгерісті талап ететінін атап өтті. Қоғамда болып жатқан өзгерістер мен күнделікті өмірдегі жекелеген факторлар мемлекеттік басқару жүйесін жаңаша ұйымдастыру қажет екендігін ұғындырып отыр. Мемлекеттік басқаруды жаңаша ұйымдастыру – Жаңа Қазақстанды қалыптастыру жолындағы

басты фактор. Осыған байланысты қоғамның мемлекеттік органдарға деген сенім деңгейін арттырып, халықпен кері байланысты жақсарту бағытында жұмыстар атқарылуға. Бізге, адамға бағдарланған мемлекеттік басқарудың жаңа моделін қалыптастыру қажет. Осы тұрғыдан алғанда, жаңа Әдеп кодексі қызметтік әдеп нормаларын дұрыс түсінуде және қолдануда ерекше маңызға ие. Мемлекеттік қызмет жүйесінде қалыптасып отырған бірқатар сын-тегеуріндерді шешу Әдеп кодексінің жаңа редакцияда қабылдауға басты себеп болды. - Қысқаша айтып өтсеңіз, жаңа Әдеп кодексіне не өзгерді? - Егер бұрынғы Әдеп кодексіне мемлекеттік қызметшілерге қойылатын моральдық-адамгершілік талаптар мен олардың мінез-құлқының негізгі қағидалары бірге қаралып келген болса, жаңа редакцияда бұл олқылықтар жойылып, мемлекеттік қызметшіге қойылатын әдеп талаптары мемлекеттік қызметшінің қызметтік әдебіне қатысы жоқ ережелерден бөлек, өз алдына жеке қарастырылып отыр. Жаңа Әдеп кодексі ең алдымен қызметтік әдеп стандарттарын белгілеуге бағытталған және мемлекеттік қызметшілердің бойында моральдық-адамгершілік қасиеттерді орнықтырудың негізі болып табылады. Мұнымен қатар, жаңа Кодексте Агенттік пен оның аумақтық органдары, қызметтік әдепті бұзудың профилактикасын үйлестіруші органдар ретінде айқындалып отыр. Осыған байланысты, алдағы уақытта

Әдеп жөніндегі уәкілдердің, Комиссиялар мен кеңестердің әдеп бұзушылықтарды ескерту және алдын алу бойынша жұмыстары жандандырылатын болады. - Кодекстің жаңа редакциясында мемлекеттік қызметшілерге қойылатын талаптарға қатысты қандай өзгерістер бар? - Жаңа редакцияда Кодекстің құрылымы өзгертіліп, «Мемлекеттік қызметтің әдептік қағидалары» деп аталатын тарау енгізіліп отыр. Осыған сәйкес, мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдебі алты қағидаға негізделген. Олар – адал ниеттілік, адалдық, әділдік, ашықтық, сыпайылық және клиентке бағдарланушылық. Айта кету керек, мемлекеттік қызметшілерге мұндай талаптар бұрынғы кодексте де қойылған. Бірақ, байқасаңыз, Кодекстің жаңа редакциясында ашықтық және клиентке бағдарлану қағидаларын сақтау талаптарына басымдылық берілген. Соған сәйкес мемлекеттік қызметшілер мемлекеттік қызметтің негізгі тұтынушысы саналатын халықтың талабына барынша икемді, жұртшылықпен жұмыс істеуге дайын болуы және өз жұмысының ашықтығын қамтамасыз етуі тиіс. Жалпы алғанда, негізгі өзгерістер осы бағыттарда болып отыр. Кодекске енгізілген түзетулер сервистік, ашық және халық үшін қолжетімді мемлекеттік аппараттың қалыптасуына ықпал етеді деп күтілуде. - Дархан Медеғалиұлы, толыққанды ақпарат үшін рахмет. Жаңа Әдеп кодексі халықтың мемлекеттік институттарға сенім деңгейінің артуына ықпал етеді деп үміттенеміз.

Барлық құқықтар қорғалған. inform.kz белсенді сілтемені пайдаланыңыз https://www.inform.kz/kz/zhanashadeppkodeksi-zhanasha-kadam_a3905946

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ТЕХНИКАСЫНА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

Еуразиялық экономикалық комиссия кеңесінің 2012 жылғы 20 шілдедегі № 60 шешімімен Кеден одағының «ауыл шаруашылығы және орман шаруашылығы тракторлары мен олардың тіркемелерінің қауіпсіздігі туралы» техникалық регламенті қабылданды. Мәселен, Шығарылған еліне қарамастан, Кеден одағының бірыңғай кедендік аумағында айналымға шығарылатын және ең жоғары есептік жылдамдығы кемінде 6 км/сағ болатын жаңадан дайындалатын және әкелінетін Дөңгелекті және шынжыр табанды ауыл шаруашылығы және орман шаруашылығы тракторлары мен олардың тіркемелері Техникалық реттеу объектілері болып табылады. Ауыл шаруашылығы және орман шаруашылығы тракторлары нарыққа айналымға шығару алдында сертификаттау нысанында сәйкестігі расталуға тиіс.

Тракторлар мен тіркемелерді сертификаттауды сәйкестікті растау жөніндегі органдардың және Кеден одағының сынақ зертханаларының бірыңғай тізіліміне енгізілген сәйкестікті растау жөніндегі орган (СРО) жүргізеді.

Сәйкестік сертификаты трактордың немесе тіркеменің техникалық сипаттамасын, негізгі конструкторлық құжаттарды, пайдалану құжаттарын, сипаттамалардың немесе көрсеткіштердің тізбесін, келісімшартты (жеткізу шартын) немесе тауарға ілеспе құжаттаманы қамтиды.

Өндіруші өндіріс процесінің тұрақты болуы және өндірілген тракторлардың, тіркемелердің сәйкестігін қамтамасыз ету үшін барлық қажетті шараларды қабылдайды. Кеден одағының техникалық регламентінің қауіпсіздік талаптарына сәйкес келетін және сәйкестікті растаудан өткен тракторлардың, тіркемелер мен құрауыштардың Кеден одағына мүше мемлекеттердің нарығында өнім айналымының бірыңғай белгісімен таңбалануы болуға тиіс.

Кеден одағына мүше мемлекеттердің нарығындағы өнім айналымының бірыңғай белгісі әрбір тракторға және тіркемеге немесе дайындаушының тақтайшасына (таңбалау тақтайшасына) трактор мен тіркеменің бүкіл қызмет ету мерзімі ішінде анық және анық бейнені қамтамасыз ететін кез келген тәсілмен салынады, сондай-ақ оған қоса берілетін пайдалану құжаттарында келтіріледі. Қосымша ақпарат қажет болғанда ҚР Сауда және интеграция министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша департаменті мына мекен-жай бойынша хабарласуға болады: Петропавл қаласы, Ульянов көшесі, 56. тел.: 8 (715-2) 52-75-31 e-mail: gosnadzor_sko@mail.ru.

Спартак Калиев,

ҚР СИМ Техникалық реттеу және метрология Комитетінің СҚО бойынша Департаментінің бас маманы - СҚО мемлекеттік бақылау және қадағалау жөніндегі мемлекеттік инспекторы.



Антикор көліктік бақылаудың 4 қызметкеріне қатысты сотқа дейінгі тергеуді бастады

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша департаменті (бұдан әрі - агенттіктің СҚО бойынша департаменті) 4 көліктік бақылау қызметкері мен 2 кәсіпкерге қатысты сотқа дейінгі тергеуді бастады.

Өткен жылы жоғарыда аталған саладағы бұзушылықтар үшін 3 қызметкер сотталды. СҚО көліктік бақылау инспекциясының (бұдан әрі - Инспекция) бөлім басшысы мен бас маманы 3 жылға бас бостандығынан айырылды, сондай-ақ Көлік комитетінің бас сарапшысына 30 млн теңге көлемінде айыппұл салынды.

Бұл туралы көліктік бақылау саласындағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген сыртқы талдаудың қорытындысын талқылау бойынша Агенттіктің СҚО бойынша департаменті басшылығының инспекция басшылығы және қызметкерлерімен, сондай-ақ өңірдегі тасымалдаушылар мен құрылыс салушылардың ірі компанияларының өкілдерімен кездесуі барысында хабарланды.

Іс-шара барысында Солтүстік Қазақстан облысының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметі басшысының бірінші орынбасары Нұрлан Жахин талдау барысында инспекцияның функцияларын қозғайтын нормативтік-құқықтық актілер ғана емес, сондай-ақ бақылау міндеттерін орындау бойынша жұмысты ұйымдастыру да егжей-тегжейлі зерделенгенін атап өтті. Бұл ретте, тәуекелдер бірнеше негізгі проблемалық аймақтарға бөлінді, бұл: процестерді цифрландырудың төмендігі, әкімшілік жауапкершілікке тартпау бойынша бизнестің белгілі бір субъектілеріне артықшылық көрсету (әкімшілік жауапкершілікке тартпау, айыппұл сомасын төмендету, әкімшілік өндірісті) және т. б. Сонымен қатар, жүк жөнелтушілердің жауапкершілігін қарамай, тек көлік құралдарының жүргізушілерін жауапкершілікке тарту бойынша бұзушылықтардың жүйелі фактілері анықталды.

Нұрлан Жахиннің айтуынша, Инспекция қызметінде соңғы үш жыл ішінде сыбайлас жемқорлық қылмыстары үшін лауазымды тұлғаларды қылмыстық құдалау шеңберіне тарту тәжірибесі тоқтаған жоқ. Сонымен қатар, бизнес субъектілері тарапынан сыйақы туралы ұсыныстар фактілері де бар. Департамент барлық анықталған 25 сыбайлас жемқорлық тәуекелі бойынша процестерді автоматтандыру арқылы да, көліктік бақылау жұмысын регламенттейтін нормативтік-құқықтық актілерге тиісті өзгерістер енгізу арқылы да жоюға тиісті ұсынымдар әзірледі.

Тәуекелдерді жоюдың жүйелі тәсілі өңірде ғана емес, Көлік комитетінің орталық деңгейінде де барлық ұсынымдар орындалғаннан кейін сыбайлас жемқорлықтың алғышарттарын жоюға мүмкіндік береді.

СҚО бойынша Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі

АТА - АНАНЫҢ РАЗЫЛЫҒЫ, АЛЛАНЫҢ РАЗЫЛЫҒЫ

Аса қамқор, ерекше мейрімді Алланың атымен бастаймын. Ислам діні адам баласына сансыз сауапқа кенелетін, екі дүниенің бақытына жетелейтін амалдар жетерлік. Соның бірі ата-ананы сыйлау, оларды аялап қадірлеп ең жақсы сөздерді айту. **Бұл туралы Құран Кәрімде: «Раббың тек қана өзіне құлдық жасауды, әке-шешеніңге жақсы қарауды бұйырды. Ал егер олардың бірі немесе екеуі де қолдарыңда тұрған кезде қартайса, оларға «Тұн» деп те айтпа. Сондай-ақ, оларға зекіме және оларға сыпайы сөйле. Мейіріммен оларға құшақ жайып оларға былай деп дұға жаса «Уа, Раббым! Олар мені кішкентай күнімде қалай мәпелеп өсірген болса, оларды солай мейірімде бөлей гөр», деген.** Міне Алла Тағала біздерді қандай да бір іс-әрекет арқылы, не сөзімізбен ата-анамыздың көңліне қаяу, жүрегіне кірбің түсіруден аулақ болуды, оларға қалай дұға тілеуді үйретіп қойды. **Хадисте; “Егер тұн деп кейіс білдіруден де төмен нәрсе болса, Алла Тағала міндетті түрде одан да тыйған болар еді. Ата-анасына қарсы келген перзент қандай амал істесе де, жәннатқа кірмейді” деген.**

Хазірет Али (оған Алла разы болсын) “Мұсылманның ең көркем мінезінің бірі ата-анаға жақсы қарау” десе Шал ақын атамыз:

Мекке менен Медине жолдың ұшы,
Иман таба алар ма барған кісі?
Ата - ананы, мейманды құрметтесең,
Мекке болып табылады үйдің іші. деп жырлап өтті.

Ата-анаға құрмет көрсету мойнындағы міндеті. Ол құрметтің шегі мен мерзімі жоқ. Ата - ананың разылығы Алланың разылығы, ал ашуы Алланың ашуына себеп болатынын мына хадисте баян етеді.

“Алланың разылығы, ата-ананың разылығында, Алланың ашуы ата-ананың ашуында”

Кез келген адам үшін дүниеде ең қымбат жан оның ата-анасы. Бұл қыматты жандарыды Алла Тағала Құранда дәріптеп, оларға құрметпен, жауапкершілікпен қарау міндетін перзентке жүктеген. Алла Тағала құранда **“Аллаға құлшылық етіңдер. Оған еш нәрсені ортақ етіп қоспаңдар.** Және әке-шешеге жақсылық жасаңдар” деп айтқан. деп айтқан. (Ниса сүресі, 36-аят) Мұса пайғамбардың қиссасы:

Бір күні Мұса пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын) Алладан бұл дүниедегі жәннаттағы серігін көрсетуін сұрады. Сол кезде Жебірейіл келіп: «Сенің жәннаттағы серігің пәленше жерде тұратын пәленше деген қасапшы» деп жауап берді. Мұса (Алланың оған сәлемі болсын) қасапшының дүкеніне барған кезде ет сатумен айналысып жатқан жас жігіт екенін көрді. Мұса (Алланың оған сәлемі болсын) жігіттің істерін жақыннан бақылап көрді бірақ ешбір ерекшелікті байқамады. Тұн болған

кезде қасапшы аздап ет алып үйіне қайтты. Мұса пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын) да оған ілесіп барып, қонақ қылуын талап етті бірақ өзін таныстырмады... Кең пейілмен қарсы алып, үйіне кіргізіп қонақ қылды. Мұса (Алланың оған сәлемі болсын) бақылауын жалғастырды. Әлгі жігіт тамақ дайындап, төбеде ілулі тұрған себетті түсіріп, бір қарт әжені алып шықты. Жуындырып, киімін ауыстырып қолымен тамақ беріп болғаннан кейін бұрынғы жайына жайғастырды. Мұса (Алланың оған сәлемі болсын) әлгі қарияның түсініксіз тілде бір нәрсе айтқанын естіді. Анасын тамақтандырғаннан кейін қонағын күтіп, тағам әкеліп бірге тамақ іше бастады. Мұса (Алланың оған сәлемі болсын) бұл қария әже жайында сұрады. Жігіт: «Бұл менің анам мен оның қызметіндемін» деп жауап берді. Содан кейін Мұса (Алланың оған сәлемі болсын): «Анаң өз тілінде не деп айтты» деді. Ол: «Әр кез мен оған қызмет жасаған кезімде ол: « Алла сені кешірсін және сені қиямет күні Мұсаның серігі етсін», деді. Сол кезде Мұса (Алланың оған сәлемі болсын) : «Ей жігіт мен сені сүйіншілеймін Алла сенің анаңның дұғасын қабыл етті. Сені байқап едім анаңды ұлықтап, құрмет жасап, жақсылық істегеніңнен басқа амал көрмедім, сенің бұл деңгейің ата-анаңа деген құрметің және жақсылығың» деді.

“Ата-анаңа не жасасаң, алдыңнан сол келеді” деген ұлағатты сөзді ұнытпайық!

Біз бүгін Қазақстанның тәуелсіздік алуымен өмірімізге қайта оралған, көктемнің ең тамаша мерекелерінің бірі – Наурыз мейрамын атап өтудеміз. Наурыз мерекесін ешқандай діни мерекемен ортақтастыруға болмайды. Бұл мереке шығыс елдерінің ортақ тойы, халықаралық мәні бар, елді бірлікке, татулыққа, ортақ мүддеге шақыратын ерекше мейрам. Көне заманнан бері Наурыз сұлулық пен жасампаздықтың, бейбітшілік пен келісімнің символы болып табылады. Қазақстандықтар үшін Наурыз – айрықша мейрам. Бұл күн қыстың сәтті аяқталып, барша еліміз жаңаша кейіпке енетін көгілдір көктемнің келгенін білдіреді. Жаңару мен жасару күні Сіздерге бақ-береке, ырыс-ынтымақ әкелсін! Еліміз аман, жұртымыз тыныш болып, көркейе берейік! Баршаларыңызды осы келген Наурыз мейрамымен құттықтай отырып, үй іштеріңізге, отбасыларыңызға айтарым: кетпес дәулет берсін, кең пейіл, ниет берсін, бастарыңа амандық, жастарыңа жас берсін. Бастарыңа бақ қонсын, ниеттерің қабыл болсын! Аллаһ тағала баршаңызды рақымына бөлеп, Пайғамбарымыздың шапағатын нәсіп етсін! Әмин!

Зиятбек АХМЕТҰЛЫ,

Тайынша аудандық мешітінің Бас имамы.



Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі мемлекеттік органдармен даулар тәртібін реттейді

2020 жылғы 29 маусымда Мемлекет басшысы 2021 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енген Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексіне қол қойды.

«Солтүстік Қазақстан облысының Мамандандырылған ауданаралық әкімшілік соты» жаңа әкімшілік соты өз жұмысын бастады, ол жария-құқықтық сипаттағы дауларды шешумен, яғни Петропавл қаласы, Каттай Кеншінбаев көшесі, 11-үйде орналасқан азамат пен мемлекеттік орган арасындағы дауларды шешумен айналысады.

Жаңа әкімшілік соттардың қызметі процеске қатысушылардың мемлекеттік органмен дауда тең құқықтылығын қамтамасыз ететіндей етіп құрылған.

Жаңа сот жариялы-құқықтық дауларды мемлекеттік органмен дауда ерекше ережелерді көздейтін Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің негізінде қарайды.

Бұл Кодексте бұрын жариялы - құқықтық дауларды қарау кезінде қолданылмаған мүлдем жаңа қағидаттар бар.

Бұл соттың белсенді рөлі, бұл талапкерлерге мемлекеттік органдармен дауларда шындықты іздеуге көмектесу.

Егер, мысалы, іс бойынша дәлелдер жеткіліксіз болса, сот өз бастамасы бойынша жетіспейтін дәлелдемелерді жинауға құқылы.

Сотқа сот актілерінің орындалуын бақылау жүктелген. Мысалы, сот талаптарын орындамағаны үшін 10 АЕК-ке дейін ақшалай өндіріп алуды бірнеше рет қолдану көзделеді.

Бұл ерекше ережелер Мемлекеттік органдардың тәртіптілігіне әсер етеді және өздерінің функционалдық міндеттерін тиісінше орындауға бағыттайды.

Мысалы, құқықтардың басымдығы принципі. Бұл заңның мағынасы анық болмаған кезде, қатынастар анық реттелмеген кезде, барлық күмәндар, қайшылықтар мен түсініксіздіктер азаматтардың пайдасына түсіндіріледі дегенді білдіреді.

Енді мемлекеттік орган түпкілікті шешім қабылданар алдында өз құқықтарын қорғау үшін жүгінген адамның пікірін тыңдауға міндетті.

Сенім құқығын қорғаудың қызықты принципі. Бұл нені білдіреді? Қабылданған шешім жойылғанға дейін заңды болып табылады. Егер азаматтың кінәсі болмаса, оны жою мүмкін емес.

Кодекс екі бөліктен тұрады: бұл Әкімшілік рәсімдер және әкімшілік сот ісін жүргізу.

Кодексте даулы мәселелерді татуластыру рәсімдері арқылы шешу көзделген, яғни тараптар татуласу, медиация, партиси-

пативтік рәсім туралы келісім жасасу арқылы істі сотта аяқтай алады.

Осылайша, жаңа кодекстің ережелері мемлекеттік басқару органдарының қызметін сапалы жаңа деңгейге шығаруға бағытталған.

Принциптерді нақты ұстану мемлекеттік әкімшілік пен соттардың жұмысын жеке және заңды тұлғалардың мүдделерін нақты қорғауға, яғни қоғамдағы тұрақтылыққа әкелуі мүмкін.

ӘРПК баптарының бірі ақшалай өндіріп алу сияқты процестік мәжбүрлеу шарасын реттейді.

Ақшалай өндіріп алуды қолдану үшін бірнеше негіз бар. Мәселен, жаза процестік құқықтарды теріс пайдаланған немесе процестік міндеттерді орындамаған кезде, оның ішінде дәлелдемелер ұсынылған немесе тапсырмалар орындалған жағдайларда, егер бұл әкімшілік істі қараудың созылуына әкеп соқса, сот белгілеген мерзімді дәлелсіз себептермен бұза отырып қолданылуы мүмкін.

Соттың талабын немесе сұрау салуын орындамау, әкімшілік іске қатысатын адамның сотқа келмеуі, сондай-ақ сотқа уақтылы хабарламау немесе пікір ұсыну да жаза қолдану үшін негіз болуы мүмкін. Сот отырысында төрағалық етуші судьяның өкімдеріне бағынбағаны, сотта белгіленген ережелерді бұзғаны үшін, сондай-ақ Сотқа және судьяға құрметтемеушілік туралы анық куәландыратын өзге де әрекеттері не әрекетсіздігі үшін жауапкерге процестік мәжбүрлеудің осы шарасын қолдануы мүмкін.

Сот соттың шешімін немесе тараптардың татуласу, Медиация туралы не дауды партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу туралы сот бекіткен келісімін орындамағаны үшін ақшалай өндіріп алу қолдануға құқылы.

ӘРПК-нің 127-бабына сәйкес ақшалай өндіріп алу мөлшері 10-нан 100 АЕК-ке дейін болуы мүмкін, ал төлеу мерзімі ұйғарым тапсырылған күннен бастап бес жұмыс күнін құрайды. Сонымен қатар, ақшалай өндіріп алу бірнеше рет қолданылуы мүмкін. Сонымен бірге сот ақшалай өндіріп алу рәсімін орындауды екі айға дейінгі мерзімге кейінге қалдыруға немесе ұзартуға құқылы.

Процестік мәжбүрлеудің жаңа түрі сот актілерін уақтылы орындау үшін тиімді құрал болып табылады және сот процесіне қатысушылардың мінез-құлқын тәртіпке келтіреді.

Жандос БАЙТАСОВ,

Тайынша аудандық прокуратурасының прокуроры.

«ЖАҢА ҚАЗАҚСТАН: ЖАҢАРУ МЕН ЖАҢҒЫРУ ЖОЛЫ»

Наурыз мерекесінің қарсаңында, ағымдағы жылдың 16 наурызында ел Президенті Қасым - Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауын тыңдадық. Басқа көршілес елдерімен қатар еліміздің тарихында, жаңа бір саяси ахуал орын алып отырғаны баршамызға аян деп бастады өз сөзін үкімет басшысы. Елімізде 30 жыл бойы ауқымды жұмыс жасалды, бұл басқа елдермен салыстырғанда көп уақыт емес. Қаңтардағы дүрбелең, ынтымақ пен берекенің қаншалықты қымбат екенін баршамызға тағы да ұқтырды. Мемлекетіміздің тұтастығына қауіп төнді. Алайда халқымыз мызғымас бірліктің арқасында, лаңкестерге батыл тойтарыс жасады. Көптеген отбасыларға қайғы түсті, солардың қайғысына ортақтаса отырып, бұл қылмысты толық, ашық түрде ашу, зерттеу Бас Прокуратураға жүктелгенін сөз етті «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» атты халыққа Жолдауында, қазіргі кезде түрлі салада ауқымды өзгерістер орнады, бұның бәрі ықпалды адамдарға ұнамады, олар жылдар бойғы заңсыз әрекеттерін жалғастыра бергісі келді, сондықтан олар жанталаса жоғары билікке ұмтылды. Лаңкестік топ басшылары ішкі және сыртқы жаулармен ымыраласып, кәнігі қылмыскерлермен бірігіп, билікті басып алғысы келді, мемлекетке қауіп төндірді. Қандай лауазымы болса да бұл адамдарды қатаң түрде жаза лаймыз. Халықтың отаншылдық рухының арқасында тәуелсіздігімізді сақтап қалдық. Саяси реформаның 4 топтамасын ұсындым. Соның нәтижесінде қоғамды демократияландыру, яғни бейбіт шерулер жүргізуге заң аясында рұқсат етілді. Саяси кешенді парламент депутаттары, ұлттық қоғамдық кеңесінде түрлі талқылаулар өтті. Бұл – Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауында айтқан сөздері. Тоқаев сынақ кезінде ақпараттардың уақытылы, ашық түрде беріліп отырғанын мәлімдеді. «Бүгінгі Жолдаудың мән-маңызы айрықша. Оның арқалайтын жүгі бір жылмен шектелмейді, ауқымы кең, мазмұны да бөлек. Біз алдымызға биік мақсаттар қойып отырмыз. Өздеріңізбен бірге Жаңа Қазақстанды құруға кірістік. Кез келген мәселені ашық айту, баяғыдай жайбасарлыққа салынбау қажеттілігі ескерілді. Өкілді билікті реформалау ас қажет, халықтың сеніміне ие болған депутаттарға ғана үлкен жауапкершілік жүктеледі. Депутаттардың саны азайту қажет. Мәжіліс заңдарды қабылдау құқығына ие болады. Төменгі палатаның өкілеттілігін нығайту керек. Жоғары аудиторлық палатасы мәжіліс палатасына есеп беруі керек. Мәслихат депутаттарының пәрменін күшейтудің маңызы зор екендігін атап өтті. Жаңа қазақстанды құруға бағытталған шаралар, үшінші мәселе сайлау жүйесін өзгертуге көп көңіл бөлінеді. Сайлау жүйесіне сенімсіздік танытудан соң, сайлауға қатысуды қажет етпейтін халық саны көбейді. Мажоритарлық сайлауға көшу анықталды. Сайлау алдында міндетін орындамаған депутаттар орнынан босатылады. Сайлау үдерісін жаңғырту-маңызды мәселе. Азаматтардың екі рет дауыс беруіне тыйым салыну керек деп қадап айтты. Партияларды тіркеу ең оңай жүйеге енеді. Шет мемлекеттердің сайлау ісіне араласуына шектеу салынады. Ата Заңымыз – азаматтардың құқығының кепілі. Құқық қорғаушылардың заңдарын жетілдіру үшін. Конституциялық сот құруды ұсынамын. Бас Прокурор мен адам құқығының өкілі де осы Конституциялық сотқа жүгінуге құқылы. Жоғарғы сот кеңесінің жұмыстарын да дамыту қарастырылады. Бұқаралық ақпараттық құралдары еркін, тәуелсіз, дербес болуы көзделеді. Азаматтық парызын ескере отырып, үкіметке жалтақтамай, ашық түрде өзекті мәселелерге үн қосуды көптеген келеді мәселелерді шешуге ықпалын тигізеді. Қоғамдық ұйымдардың да мемлекетпен біріге бір бағытта жұмыс істеулері маңызды. Азаматтық белсенділікті жандандыру өте қажет екені де Жолдауда ашық айтылды.

Еліміздің болашағы үшін қабылданған барлық шараларды қолдаймын. Қазақстанның тәуелсіздігі үшін өжет қадамға басып, барынша халықтың ынтымағы мен тұтастығын қорғап қалған парасатты басшы, көреген Президенттің барлық ұсыныстарын қолдаймын.

Айгүл МҰХАМЕТҒАЛИЕВА,
аудандық мәслихат депутаты.

ЕЛІМІЗГЕ ДЕГЕН СҮЙІСПЕНШІЛІК, ОЛ ӨЗ ТАРИХЫН БІЛҮДЕН БАСТАЛАДЫ

Бүгін мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына Жолдауын жариялады. Жолдауда осыған дейін жүзеге асқан дүниелер айтылып, алға жаңа мақсат-міндеттер қойылды.

Елбасы айтқан және қабылдаған шаралар шетінен жүзеге асып жатыр. Сонымен бірге алға қойылған міндеттер соңына дейін іске асуы тиіс.

Мемлекет басшысының осы жылғы жолдауы айтарлықтай халық үшін ерекше жаңалықтарға толы болды. Қаңтардағы оқиғаларға байланысты шешімдері көңілімізнен шықты. Өйткені, қаңтардағы оқиға туралы ашық түрде барлық шындықты айтып кетті. Бұл оқиғаға байланысты дұрыс шешімдер қабылдап, құқық қорғау органдарында болып жатқан жағдайды халыққа жеткізіп, бейбіт шеруге қатысқан халықты басқа бағытқа бұрғанын, лаңкестер ойын білмеген қарапайым халыққа жаза түрін жеңілдететінін мәлімдеді. Бұл шешім нағыз батыл, патриот, өз халқының қамын ойлайтын, мемлекет болашағын бағдарлап, өз халқына опасыздық жасамайтын басшының шешімі. Бір сөзбен айтатын болсақ халықты бітімгершілік пен татулыққа шақырды.

Еліміздің әкімшілік-аумақтық құрылымдағы мемлекет басшысының жасаған өзгерісін тарих маманы ретінде қолдаймын.

Алаштықтардың, ХХ ғасырда қазақ зиялыларының орталығы болған, біздерді талай өнерімен, өрелі ойымен тамсандырған тұлғаларды дүниеге әкелген Семей өңірінен жеке дара облыс жасау және де облыс атауына ғұлама Абай есімін беру, Жетісу, Ұлытау облыстарын құру туралы шешімді дұрыс деп ойлаймын. Біздің тарихымызды ақтарып дала демократиясын қалпына келтіріп, құрылтай өткізу жақсы игі істердің бірі. Елбасымыздың бұл үндеуін қазақ халқы жаппай қолдайтынына сенімдімін.

Бізді қуантатын тағы бір онтайлы жайт халықтың әл-ауқаты мен тұрмыс-жағдайы болашақта мемлекет басшылығының назарында болатындығы көңілге медеу береді.

Елімізге деген сүйіспеншілік, патриоттық сезім ол өз тарихын білуден басталады, сондықтан еліміздің тарихында болған оқиғаларды, тұлғаларды ұмыт қалдырмаған ел басшымыздың саясатын қолдаймын.

Нұрсұлтан ЖАПАРОВ,
Тайынша қаласының №5 орта мектебінің тарих пәні мұғалімі.



Қымбатты Ұстаздар! Ардагерлер!

Наурыз – жыл басы, Ұлыстың Ұлы күні. Күн мен түннің теңелетін, жер арқасы кеңіп, күллі тіршілік әлемі қайта түлейтін табиғат мерекесі. Наурыз – адамдардың қыс қыспағынан аман қалып, малы төлдеп, аузы аққа жаритын шаруа мерекесі. Наурыз – жеті дәмнен Наурыз көже жасап, адамдардың бір-біріне дәм татқызып, дастархан басында бірге отыратын ынтымақ-бірлік мерекесі.

Қабырғалы қазақ елінің, барша қазақстандықтардың ырысы мен ынтымағының, салт-дәстүрлерінің салтанаты, берекесі мен бірлігінің ерекше көрінісі – Ұлыстың Ұлы күні – Наурыз мерекесі құтты болсын! Күн мен түнді теңестірген, көпшілікті ізгілікке жетелеген Наурыз мерекесі бүкіл адамзатқа шаттық сыйлайды. Бұл тазалық пен татулықтың тұғырын нығайтатын ұлы мереке. Халқымыз «Наурыз келгенде ақ молаяды, жарық ұзарады, тіршілік жаңарады, пейіл түзеледі, көңіл кеңиді» деп сенген. Шындығында өз Наурыз табиғатқа тіршілік әкеліп, көпшілікке көтеріңкі көңіл сыйлайды. «Бұл күні Самарқанның көк тасы ериді» деген сөз Наурыз мерекесіндегі көңіл мен шуақтың, нұр мен пейілдің молдығын білдірсе керек. Бүгінгі Наурыз мейрамы – мемлекеттік деңгейдегі ең ұлық мерекелеріміздің бірі.

Ардагерлеріміз Наурыз мейрамының өзіндік ерекшеліктерін жақсы біледі. Жақсылыққа жаны құмар, ұлтымыздың ұлы салт-дәстүрлерін жастар арасында кеңінен насихаттап жүрген ақылы дария, жүрегі кең аяулы ардагерлеріміз қашанда ынтымақ пен бірліктің үлгісін көрсетіп келеді.

Қадірменді ардагерлер! Өз Наурыз мерекесі отбастарыңызға аманшылық, қуаныш, ырыс пен құт, береке әкелсін.

Гүлнар ИГБАЕВА,
аудандық білім бөлімінің басшысы,
Айнұр БЕЙСЕНБАЕВА,
Білім қызметкерлері кәсіподақ ұйымының төрайымы.

ҒАЛАМТОРДЫҢ ПАЙДАСЫ МЕН ЗИЯНЫ

XXI ғасыр техника мен технологияның, ғаламтордың салтанат құрған дәуірі. Себебі, адамдардың барлығы болмаса да, көпшілік әрекеттері осы техникаға, осы ғаламторға жіпсіз «байланып қалған». Иә, кез келген таяқтың екі ұшының бар болуы сияқты ғаламтордың да «кем боп кетті-ау», «шіркін-ай» деген тұстары алма кезек ауысады, жағаласып жарысады. Әлбетте оның барлығы тигізіп жатқан пайдасы мен зиянының нәтижесінде. Қазіргі қоғам ғаламтордың адамзат өміріне тигізіп жатқан игіліктерін ескеретін болса, ғаламтордың пайда болуы адам өмірінің азғантай – ақ жеңілдегенін білдірері хақ. Егер де ғаламтордың пайдасы туралы сөз қозғасақ, біріншіден-өткеннің тілімен, атаның сөзімен айтсақ, «айшылық алыс жерлерден, жылдам хабар алғызды» деген – осы. Ол ғаламтор. Ал екіншіден – қажеттіліктерді орындай алу қабілеті. Мысалы, ғаламтордан пайдалы ақпараттарды алу, пайдалану, оны өмірде қолдану. Сондай-ақ, үздіксіз жаңалықтар мен ақпараттарды талап ететін қоғам үшін ғаламтор қалтқысыз ақпарат көзі болуымен қатар, адамдарға қажет біліммен сусындауға, қиюы келмес мәселелердің шешімін табуға көмектеседі. Яғни. Бір сөзбен айтқанда адамзатқа жан-жақты, білімді, көзқарас қалыптастырып, көптеген қызықты дүниелерді үйренуге себеп тигізетін әлемдік тор. Әрине, ғаламтордың пайдасы мол екендігі айдан анық. Алайда оның зияны да баршылық екенін ескерген жөн.

Осы сәтте ең бірінші қозғалатын мәселе – ғаламторға тәуелділік. Себебі, қазіргі таңдағы ғаламтор қолданушыларының 10% ғаламторға тәуелді екендігі ғылыммен дәлелденіп қойған. Оған дәлел адамдардың қажеттіліктерінің алдыңғы қатарында ғаламтордың орын тебуі. Оңтүстік Корея, Қытай және Тайваньда ғаламторға тәуелділікті ұлттық деңгейдегі мәселе ретінде қарастырады. Бұл мәселе бүгінгі қазақ қоғамында да басталып келе жатқаны бәрімізге аян. Десе де, ғаламтордың зиянды тұстары әлі де жетерлік: Мысалы, компьютер алдында ұзақ уақыт отырудың белге салмақ салуа, көзіміздің көруіне теріс әсер беретін жарық. Ал, адам психикасына кері әсер ететіні өзі бөлек бір төбе. Ғаламтор... Ескі мен жаманның, өткен мен болашақтың, қатыгездік пен мейірімділіктің, бар мен жоқтың мидай араласқан ортасы. Ал, оны қай бағытта пайдаланамын, қай бағдар да қолданамын дегендер - адамның, адамзаттың жеке таңдауы, құқы. Себебі, ғаламтор игілік пен жақсылық, ақпарат пен жаңалық сыйлайтын алаң деген пікірді ұстанатындар да, зиянға толы алып тор, жағымсыз дүниелерге, адамдарға кесірі тиетін ұшы-қиыры жоқ кері тартпа жүйе деп есептейтіндер де адамдар.

Құралай НҰРТАЙҚЫЗЫ,
«Тайынша қаласының №5 орта мектебі» КММ,
8 «Ә» сынып оқушысы.

Меншік иесі: «Тайынша таңы»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Газет аудан әкімінің қолдауымен шығып,
мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу
жөніндегі ресми басылымы болып табылады.
Индекс: 65710

Газет әр аптаның жұма күні шығады.

**Директор -
Бас редактор
Гүл НҰРАЛИНА**



Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінде 2005 жылғы 14 желтоқсанда тіркеліп №6652-Г куәлігі берілген

Газет «Тайынша таңы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің компьютерлік орталығында теріліп, беттеліп, «Старкова А.А.» ЖК-де офсеттік тәсілмен басылған 020000. Көкшетау қаласы, Әуелбеков көшесі, 98 үй.

Тапсырыс: 102 Таралымы: 1300.

МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ:
Солтүстік Қазақстан облысы,
Тайынша қаласы, Астана көшесі, 165-үй.
БАЙЛАНЫС ТЕЛЕФОНЫМЫЗ:
8 (715-36) 2-36-96

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Қолжазба қайтарылмайды. Келген хаттарға жауап жолданбайды. Жарнамаңыз, келіп түскен материалдардың мазмұны мен мәтініне хабарлама беруші автор өзі жауапты.